



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Кембриждік платоншылдар



XVII ғасырдың ортасында алты ағылшын философы Гоббсқа да, Декартқа да қарсы тұратын бағдарды ұстанды. Олардың бесеуі Кембридждің Эммануил колледжінің түлектері еді, ең көрнектісі – Ральф Кедворт болса, біреуі – Генри Мор – Кембридждің Христос колледжінің түлегі еді, бұл колледжде Кедворт отыз жыл ұстаздық еткен. Бұлардың бәрі Платонға, Плотинге және шіркеудің ерте кезеңдегі әкейлеріне тәнті еді. Сондықтан бұл топты әдетте «Кембридждік платоншылдар» деп атайды.

Кембридж мүшелері болғанына қарамастан, топ өкілдері осы қала мен университетте азамат соғысы кезінде кең тараған пуритандыққа өшпенділік танытты. Ол жазмыш, адам еркіндігі туралы кальвиндік доктриналардан бас тартып, діни төзімділіктің жақсы жақтарын уағыздады. Алайда атеистерге келгенде олардың төзімділігінен жұрнақ та қалған жоқ. Бұл топтың өшпенділігі әсіресе Гоббсқа айрықша бағытталды, оның материализмін бұлар тіпті атеизммен тең деп есептеді. I Карлдың билігі тұсында англикан иерархиясына пуритандықтың қарсы тұруы корольдің тақтан тайдырылып, жазалануымен қатар жүрді. Кембридждік платоншылдар «Епископ жоқ болса, король де жоқ» деген саяси ұранға ұқсас «Рух жоқ болса, Құдай да жоқ» деген ұстанымды басшылыққа алды. Бір уақытта материалист те, атеист те болу мүмкін емес еді.

Кембридждік платоншылдар осыған дейін сананың материядан айырмашылығын атап көрсетіп, Декартты жақтады, ал Гоббсқа қарсы тұрды. Олар Мордың «Атеизмге қарсы Антидот», «Жанның ажалсыздығы» және Кедворттың «Ғаламның ақиқат интеллектуалдық жүйесі» трактаттарында адам жанының өлмейтінін және Құдай рухының бар екенін дәлелдеуге тырысты. Мордың пікірінше, адам – «сезім мен ақылға, сондай-ақ жердегі материяның адам формасында ұйымдастырылған күшіне ие рух қалыптастырған» тіршілік иесі. Декарт сияқты, Кедворт та Жаратқанның бар екенін біздің бойымызда Құдай идеясының болуымен дәлелдеу әбден мүмкін деді: «Құдай болмаса, абсолютті және шексіз жетілген тіршілік етуші туралы идеяны саясаткерлер де, ақындар да, философтар да, басқа ешкім де жасай немесе жарата алмас еді». Құдай идеясы жүйелі саналады, «сондықтан ол міндетті түрде қандай да бір түрге немесе басқа бір не актуалды, не ықтимал бірдеңеге ие болуы тиіс; бірақ Құдай жоқ болса, ол бар бола алмайды, сондықтан ол шынында да өмір сүреді».

Декарт сияқты, кембридждік платоншылдар туа бітті идеяларға сенді: сана – сезімдер жазылатын бос парақ емес, қайта сезімдер ашуға тиісті жабық кітап. Туа бітті идеялар біздің санамызда сазгер көк шалғында шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан кезде оның басында пайда болған әуендер сияқты орын тепкен. Адам санасындағы туа бітті идеялардың арасында пікірталасты қажет етпейтін іргелі, моральдық принциптер бар, олардың кем дегенде жиырма үші 1668 жылғы анықтамада жариялауға дайындалды. «Гоббстың әділет пен әділетсіздік қарапайым ғана адами келісімшарттың нәтижесінде пайда болды деуі мүлдем дұрыс емес, – дейді Кедворт. – Жекелеген адамдар өмір мен өмірдің өздерінде жоқ билігін суверенге сол арқылы бере алатындай ешқандай тәсіл жоқ».

Кембридждік платоншылдар іргелі этикалық принциптерді түсіндіруге келгенде Декартпен қош айтысты. Кедворттың шағынатын жөні бар, адамгершілік және тағы басқа мәңгілік ақиқаттар Құдайдың құдіретті еркіне тәуелді, сондықтан ол негізгі өзгермелі принципке жатады деу қисынсыз. «Ізгілік пен қасиет жасалған істің өзінде болады, – деді ол қауымдар палатасында 1647 жылы айтқан уағызында, – бірақ Құдай оларды ұнатып, солай санағандықтан емес, өздері шынында да жақсы болып, Құдай оларды сол үшін сүйгендіктен».

Платоншылдардың Декартпен келіспеушілігі оның материалдық дүние туралы жазбаларын қарастырғанда күшейе түсті. Олар – Кедворт та, басқалар да Король қоғамының мүшелері болғандықтан – ғылымдағы жаңа жетістіктерге қарсы шықпады, алайда бұл құбылыстарды материя және қозғалыс тұрғысынан механикалық түрде түсіндіруге болатынын терістеді. Декарт сияқты емес, олар жануарлардың санасы мен сезімге ие жанының бар екеніне сенді; тіпті ауыр дененің құлауы да, олардың пікірінше, бейматериалдық принциптің әрекеті арқылы түсіндірілуі тиіс. Бұл Құдай бәрін тікелей, өз қолымен жасады дегенді емес, ол физикалық дүниені өзінің делдалына – жүйелі және телеологиялық түрде әрекет ететін әлемдік жанға ұқсас «пластикалық табиғатқа» сеніп тапсырды дегенді білдіреді. Телеологияны теріске шығарған Декарт сияқтылар жай ғана «механикалық атеистер» еді, олардың материалист Гобсстан ешқандай артықшылығы жоқ.



Локк

Джон Джон британ педагогы және философы, эмпиризм және либерализм өкілі. Сенсуализмның тарауына әсер еткен ойшыл.

Гоббс қазіргі заманғы эмпиризмнің пионері болды, алайда мінсіз практик Джон Локктың даңқы одан да асып түсті. Локк 1632 жылы кезінде парламенттік кавалерия құрамында соғысқа қатысқан қарапайым ғана джентльменнің отбасында дүниеге келді. Ол Вестминстер мектебінде грек және латын тілдерінде ғана емес, ивритше де білім алып, Оксфордтағы Христ шіркеуіндегі жабық оқуға ауысты, сол жерде 1658 жылы магистр атағын алды. 1660 жылы II Карл таққа қайта отырғаннан кейін ол бұлжымас англикан ұстанымын қорғап, бірнеше памфлет жазды, университетте грек тілінен сабақ беріп, бірнеше колледжде оқытушы болып жұмыс істеді. Оны химия мен физиология қызықтырып, медицина саласына мамандану үшін жеті жыл оқыды.

II Карлдың оқшау кеңесінің мүшесі, көп ұзамай граф Шефтсбери атанған Энтони Эшли Купердің саяси кеңесшісі болу үшін және дәрігерлік қызметпен айналысу мақсатында Локк 1667 жылы Оксфордтан кетті. Лондонға келген соң аз уақыттан соң «Толеранттық туралы хаттарын» жазған ол бұл еңбегінде алдыңғы трактаттарындағыдай емес, Рим католиктерінен басқалардың бәрінен доктриналық шектеулерді алып тастауды ұсынды. 1676–1678 жылдарын ол Францияда өткізіп, Декарт ізбасарларының бірқатарымен кездесті және олардың философиясын зерттеуге ден қойды.

Билік басындағы қызметі өрлеген сайын, әсіресе оның інісі және мұрагері, Йорк герцогы Яков немесе ағылшынша Джеймс II католицизмді қабылдаған соң II Карлдың беделі төмендей берді. 1679 жылы «корольді өлтіріп, оның інісін таққа отырғызу үшін Папалардың астыртын әрекетіне қатысты-мыс» деген сылтаумен көптеген католикті соттап, жазалағаннан кейін протестанттар билік басына келді. Шефтсбери Вигтер партиясының көшбасына айналды, бұл партия Яковты мұрагерліктен шығарып тастауға ұмтылды; осы туралы заң жобасын қабылдатуға жасалған талпыныстар Карл 1681 жылы парламентті таратып жібергенде ғана жеңіліске ұшырады. Ағайынды корольдерге қарсы 1681 жылы ұйымдастырылған астыртын әрекетке қосылған соң Шефтсбери Голландияға қашып, сол елде 1683 жылы қайтыс болды.

Локк Шефтсберидің жобаларымен айтарлықтай тығыз байланысты еді, сол себепті ол II Карлдың өмірінің соңында Тори партиясы қайта өркендеген уақытта және оның інісі II Яков аз уақыт билік құрғанда, қудалауға ұшырады. Папалар қастандық жасауға дайындалған және өзі қудаланған кезде ол «Басқару туралы екі трактатын» жазды. Біріншісінде ол сэр Роберт Филмердің корольдердің құдіретті құқығын қорғаған еңбегін быт-шыт етіп күйретті. Екіншісінде табиғаттың күйі туралы есеп берді, оның мазмұны Гоббстың еңбегіне қарағанда әлдеқайда оптимистік болып шықты. Ол үкімет пен мемлекет адамдардың меншігін қорғау үшін қоғамдық келісімшарт арқылы құрылады деп тұжырымдады. Оның пікірінше, егер үкімет ойына келгенін жасайтын болса және биліктің бір тармағы екіншісінің рөлін басып алса, онда үкімет таратылады да, көтеріліс ақталады.

Голландияда болған кезінде ол өзінің ұлы шығармасы – «Адам парасаты туралы тәжірибе» атты еңбегін жазумен айналысты. Осы еңбекке байланысты ескертпелерді ол ертеректе Лондонда болған кезінде жасаған еді, алайда 1690 жылға дейін жарық көрмеген туынды кейін Локктың көзі тірісінде төрт қайтара басылып шықты.

«Тәжірибе» төрт кітаптан тұрады. «Туабітті ұғымдар» деген бірінші және ең қысқа жинақта Локк біздің санамызда теориялық немесе практикалық туабітті принцип жоқ деп тұжырымдайды. Біздің идеяларымыздың бәрі не тікелей, не тәжірибе жүзінде біріктіріліп немесе бейнеленіп туындайды. Тіпті геометрия сияқты априори пәндердің өзінде біз қолданатын идеялар туабітті саналмайды. Екінші кітаптың отыз үш тарауында идеялардың жан-жақтылығы қарастырылады. «Идея» – біздің ойлау қабілетімізді және ойдың ұғымдарын сипаттау үшін Локк қолданатын жалпы термин:

«Әрбір ойлаушы адам ойланғанда өз пайымында бұрыннан бар бірнеше идеяны, мысалы, ақ, қатты, тәтті, ойлау, қозғалыс, адам, піл, әскер, маскүнемдік және тағы басқа сияқты сөздер арқылы бейнеленген идеяларды қолданады деу – күмән туғызады» (Е, 104).



Локк идеяларды әртүрлі жіктейді: қарапайым және күрделі идеялар; айқын және анық идеялар; көмескі және шатыс идеялар; түйсік идеялары және бейнелеу идеялары. Қарапайым идеяларды Локк қасиеттері арқылы бөледі, ол қасиеттердің екі тобы бар: алғашқысына жататындар – тығыздық, қозғалыс және пішін. Бұлар – тәннің қасиеттері, біз оларды осы сипаттар арқылы қабылдаймыз немесе қабылдамаймыз. Екінші қасиеттерге түс сияқты сипаттар жатады, олар объектінің өзінде жоқ, бірақ біздің әртүрлі түйсіктерімізге, яғни қабылдауымызға байланысты. Бейнелеу идеяларының ішіндегі ең маңыздысы – қабылдау идеясы, себебі ол сананың идеяларға қатысты алғашқы жаттығуы. Қабылдау дегеніміз – таза енжар тәжірибе, оны әр адам өзіне қарап-ақ біледі. Локк қабылдаудың енжар тәжірибесін негізге ала отырып өз философиясын қалыптастырды.

«Тәжірибенің» екінші кітабы – сана мен еріктің эмпирикалық философиясы, сонымен қатар кітапта басқа да көптеген мәселелер қамтылған: мысалы, уақыт, кеңістік, сан және адами құштарлықтар туралы пайымдаулар. Еңбекте себеп-салдарлық, сондай-ақ тағы басқа қатынастар, сонымен бірге тұлғалық бірегейліктің табиғаты туралы кең және айтарлықтай маңызды пікірталастар да берілген.

Локк «біз өзіміздегі қарапайым идеяларды сыртқы көмексіз-ақ танып-біле аламыз, оларды танып-біле алмасақ ешқандай сөздер бізге көмектесе алмайды» десе де, өзі іс жүзінде оларды бейнелейтін сөздердің көмегімен бізге сол идеялар туралы мәлімет жеткізетін идеяларды анықтайды. Ол: «Біздің абстрактылы идеяларымыз бен жалпылама сөздеріміздің бір-біріне қатынасы өте тұрақты болғаны соншалық, ең алдымен тілдің табиғатын, қолданылуын және мағынасын қарастыра алмай, сөйлемдер арқылы берілген біліміміз туралы айқын да анық айту мүмкін емес», – деп мойындайды.

Ол үшінші кітабын осы тақырыпқа арнайды. Бұл жинақтың ең белгілі бөлімдері абстрактылы идеялар мен субстанция теориясын талқылауға арналған. «Ақыл, – дейді Локк, – табиғи объектілердің арасындағы ұқсастықтарды байқай отырып, оларды абстрактылы жалпы идеяларға жіктейді және жалпы атаулар береді». Ол бізге бұл жалпы идеялардың керемет қасиеттерге ие екенін ұғындырады: мысалы, үшбұрыштың жалпы идеясы «көлбеу де, тікбұрышты да, теңқабырғалы да, теңбүйірлі де болмауы тиіс және бірден осылардың әрқайсысы бола тұра, сонымен бірге жеке алғанда бұлардың ешқайсысы болмауы тиіс». Дүниедегі субстанциялар әртүрлі қасиеттерге және қабілеттерге ие, біз оларды заттардың әр түрін анықтағанда қолданамыз; бірақ біз берген анықтамалар олардың нағыз болмысын аша алмайды, тек «номиналдық мәнін» ғана ашады. Субстанция туралы біз білетін жалғыз идея – оның қасиеттерін «білмейтініміз».

Эпистемологиялық пайымдаулар «Тәжірибенің» бүкіл мазмұнында кездеседі, алайда төртінші кітап білім тақырыбына тұтасымен арналған. Себебі заттардың нақты мәндері бізге белгісіз, біз табиғи дүние туралы егжей-тегжейлі біле алмаймыз, тек шамалап қана айтамыз. Біз өзіміздің өмір сүріп отырғанымызды және Құдайдың бар екенін анық біле аламыз; іс жүзіндегі түйсіктерге сүйене отырып, біз басқа заттардың өмір сүріп отырғаны туралы болжай аламыз. Ақиқатқа деген сүйіспеншілік біздің кез келген сөйлемді ол туралы дәлелдерден артық сеніммен қабылдауымызға кедергі жасауы тиіс: «осы келісім аясынан шығып кететін адамның ақиқатқа деген сүйіспеншіліктің ақиқатына жете алмайтыны, ақиқатты ақиқат үшін сүймейтіні анық».

Қуғындалу кезеңінде, король XIV Людовик француз протестанттарына төзімділік танытатын Нант жарлығын қайтарып алған 1685 жылдың шамасында, Локк толеранттық туралы хаттарын латынша жазды. Ол осыған дейін ағылшынша жазғанындағы сияқты, Еуропа тұрғындарының – христиандардың діни сенімдердің кең көлемін қабылдауын жақтады.

1688 жылы «Жарқын революция» II Яковты орнынан ығыстырып, оны голландиялық протестант Орандық Вильгельм ауыстырғанда, ағылшын монархиясы жаңа құқықтық негізде, «құқықтар туралы Билльге» және парламент рөлінің едәуір кеңейтілуіне сүйене отырып тағайындалды. Локктың осыған дейін басып шығаруға тым қауіпті болған еңбектерін қайтарып, жариялауға жол ашылды. 1689 және 1690 жылдары «Басқару туралы екі трактат», «Тәжірибенің» бірінші басылымы және «Толеранттық туралы хаттардың» ағылшын нұсқасы жарық көрді. Пікірталастарға қарсы жауап ретінде Локк толеранттыққа қатысты тағы екі дүниесін жариялады, үшіншісі 1692 жылы жарыққа шықты.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 7. Кембридждік платоншылдар

1684 жылы II Карл Локкты Христ шіркеуінде ұстаздық ету құқынан айырды. Жер аударудан оралғаннан кейінгі уақытының көбін Лондонда өткізген ол азаматтық қызметте бірқатар лауазымдарға ие болды, атап айтсақ, сауда бойынша кеңес комиссары болып жұмыс істеді. Ол «Тәрбие туралы кейбір ойларын», ақша табиғаты туралы екі мақаласын, сондай-ақ «Христиандық парасатын» жазуға уақыт тапты. Христиандықтың Локк парасатты деп есептеген формасы өте либералды еді, сондықтан ол өз трактатының екі «Ақтауында» консерватор сыншылардан қорғануға тиіс болды. 1696 және 1698 жылдар аралығында ол «Тәжірибені» діннің тыныш өмірі үшін тым рационалистік деп есептеген вустерлік епископ Стиллингфлитпен пікірсайысқа қатысты. Қарама-қайшылықты осы еңбектердің басым көпшілігі жасырын түрде, лақап атпен жарияланды; өзінің көзі тірісінде тек «Тәжірибе» ғана оның өз атынан жарық көрді.

1691 жылы Локкқа кембридждік платоншыл Ральф Кедворттың қызы Дамариске үйленген Фрэнсис Машамның Эссекстегі меншігі Оутстан үй берілді. Жылдар өткен сайын Локк уақытының көп бөлігін Оутста өткізді, ал 1700 жылдан қайтыс болған 1704 жылға дейін ол ойшылдың үйіне айналды. Өмірінің соңғы жылдарында Локк денсаулығы нашар болса да, Әулие Павелдің жолдауына сыни да діни түсіндірме жазды. Ол 1704 жылдың 28 қазанында, Машем ханым оған псалмалар оқып отырған кезде дүниеден өтті.